

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

других материалов, по подготовке заключений на заседания Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, включивших казахстанских историков и юристов, начата проработка дел и сбор материалов в центральных и областных государственных архивах и ведомственных архивах МВД, ДВД и КНБ РК по составлению списков не реабилитированных жертв политических репрессий. Ведется работа по новому этапу реабилитации, проявляется множество различных проблем, решаемых в этом сложном и многолетнем процессе восстановления исторической справедливости.

### **Список использованной литературы и данных:**

1. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. — Алматы, 1998. — 336 с.
2. История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х - первая половина 1950-х годов. Собрание документов в 7 томах. Т. 2. Карательная система: структуры и кадры / отв. редактор и составитель Н.В. Петров. — М.: РОССПЭН, 2004. — 696 с.
3. Иванова Г.М. История ГУЛАГа: 1918 -1958. — М.: Политическая энциклопедия, 2015. — 415 с.
4. Система исправительно-трудовых лагерей в СССР, 1923-1960: Справочник / Общ-во «Мемориал», ГАРФ. Состав. М.Б. Смирнов. Под ред. Н.Г. Охотина, А.Б. Рогинского. — М.: Звенья, 1998. — 600 с.
5. Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря НКВД-МВД СССР на территории Казахстана (30-е — 50-е годы XX- века).— Алматы: 2002.— 344 стр.
6. Козыбаев М.К. Правоохранительные органы и общество//Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книг вторая. — Алматы: Гылым, 2000. — 388 с.
7. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. — Караганда, 1997. —175 с.
8. Очерки истории Карагандинского исправительно-трудового лагеря ОГПУ-НКВД-МВД СССР (1931-1959). — Караганда: Карагандинский университет «Болашак», 2012. — 831 с.
9. Елеуханова С. В. Положение репрессированных в Казахстане // Реабилитация и память. Отношение к жертвам советских политических репрессий в странах бывшего СССР/ Сост. Рачинский Я. — М.: Международный Мемориал, 2016. — С. 193-235
10. Смирнов Н. Г. Репрессированное правосудие. — М., 2001. — 301 с.
11. Президиум ЦК КПСС. 1954–1964. Черновые протокольные записи заседаний. Стенограммы. Постановления. Т. 2.: постановления. 1954-1958 / Гл. ред. А.А. Фурсенко. — М.: РОССПЭН, 2006.
12. Реабилитация: политические процессы 30-50-х годов // Под общ. ред А.Н. Яковлева. —М.,1991. — 575 с.
13. Закон РК от 14 апреля 1993 года «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» (с изменениями и дополнениями). Электронная база законодательства «Параграф» // <https://prg.kz>; <https://online.zakon.kz/>
14. Государственный Архив Карагандинской области (ГАКО). Ф.205.Оп.6. Д.1416.
15. Состоялось первое заседание Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий/ [Электронный ресурс] — Режим доступа://<https://www.akorda.kz/ru/>

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ**

**Сейтказина К.О.**

т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

**Сагадатов Т.Т.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі тарихи сананы жаңғыртуда жүйелі жұмыстар атқарылуда. Қазақ халқының тарихына үңіліп қарасақ, еліміздің азаттық жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз. Осынау жүздеген жылдарға созылған күрес жолында ұлт зиялыларының алатын орны ерекше.

XX ғасырдың басы алып адамдарды қажет еткен әрі осыған орай өздерінің ойлау, болжау қасиеттері айырықша, энциклопедиялық білім, талғам-танымдары жан-жақты алыптарды дүниеге келтірген кезең болғаны анық. Осы тұста ұлт зиялыларының қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен биік мақсаттары - бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге. Олар біз үшін халық алдындағы адалдықтың, рухани кемелдіктің, ұлтжандылықтың үлгісі іспетті. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау

тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Олар қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да - солар болды.

Міне, осындай алып тұлғалардың бірі де бірегейі болған Алаштың көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы Торғайдың Ақкөл жағасындығы (қазір Қостанай бол. Жангелдин ауд.) Сарытүбек жерінде туған. 1884 жылы ауыл мектебін, 1891 жылы Торғайдағы орыс-қырғыз училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіріп, өз бетінше көп білім жиған. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Торғай уездерінің мектептері мен училищелерінде мұғалім болады. 1909 жылы патша өкіметінің шет ұлттарға қарсы әрекетіне көзқарасын білдіргені үшін Семей абақтысына жабылады. Мұнда ол 1910 жылдың басына дейін отырады. 1910-1913 жылдары ол қатаң бақылау жағдайында болады. 1913-1917 жылдары әйгілі «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарады. Осы кезеңде ағартушы ұлттық Алаш қозғалысын жандандыруға атсалысады. Алаш партиясы өкілдері, II жалпықазақ съезінің ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. 1917 жылы 14-желтоқсанда Орынборда Алаш партиясының Торғай облыстық комитеті ашылып, оған орынбасар болып сайланады.

Ағартушы 1919 жылы ұлттың болашағы үшін кеңестер шебіне шығып, Өлкелік әскери төңкеріс комитетінің мүшесі болады. 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссары қызметін атқарады. Ол 1920 жылдың басында "Ұшқын" газетінің, кейіннен аты "Еңбек туы" боп өзгерген осы басылым жалғасының алқа мүшесі болды. Осы жылы желтоқсанда Әлихан, Смағұл, Жүсіпбек, Хайретдиндермен бірге "Қазақстан" мемлекеттік баспасының сарапшылар алқасына енді. 1921-1922 жылдары Қазақ халыққа білім беру институтында ұстаздық етеді. 1922-1925 жылдары ХАК Ғылым комиссиясын басқарады. 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында қызмет атқарады. Ағартушы қайраткер ғалым, жаңа отандық ғылымның көшбасшысы ретінде қалыптасты. Әдеби қызметі де қайраткерлігімен біртұтасып кеткен. Оның 1909 жылы шыққан «Қырық мысал», 1911 жылы жарияланған «Маса» жинақтары халықты оятуға себепші болды. Ғалымның «Оқу құрал» (1912), «Тіл құрал» (1914), «Әліпби» (1924), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926) еңбектері ұлт филологиясының негізін қалады. Ол 1926 жылы Бакуде өткен II Түріктану съезіне қатынасты. Саяси себеппен 1929 жылы тұтқындалып, жер аударылды. 1937 жылы тағы да ұсталып, 1938 жылы нақақ атылды.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы А. Байтұрсыновтың 50 жасқа толған мерейтойы Орынбор, Ташкент 1922жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақанның елу жылдық тойы» мақаласында «...Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 жылы жарық көрген «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсыновтың тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С. Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер

айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» атты еңбегінде (1974) Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді.

Мемлекеттің ірге тасы ұрпақтың зиялылығымен, бойындағы рухани қасиеттердің күшімен қалыптасады. Жоғарыда айтып өткеніміздей бойында ұлттық намысы жоқ, төл тарихынан бейхабар, ұлттық мүдде жолында ел мен жер тағдыры үшін әділетсіздікпен күрескен тұлғалардың аманатынан ада адам тәуелсіздіктің бағасын біле алмайды. Не себептен қазақ тұлғалары елқорғауды жерді қорғаудан бастады? Отаршылдық заман қазақтың басына қалай туды, тура сол кезеңде жер мәселесі де өрши түсті. Отырықшылыққа үгіттеп, артық жерлерді өзіне алуға ұмтылған патша саясатына қарсы алаш зиялылары газет беттеріне көптеген мақалалар жазып, ел тағдырына араша түсті.

Ахмет Байтұрсыновтың айтуынша, жер жеке адамның емес алдыменен ұлттың мүддесі, сондықтан да ол мемлекеттің қазынасы, үнемі солай болады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов қазаққа жерінен айрылмауды ескертті, себебі қазақ жерді жеке меншікке алуға әлі дайын емес. Патша өкіметінің отырықшы ету саясатына сеніп, аз жерді иеленгенімен қазақ негізгі ұлттың байлығы ұлттық мүддесінен қол үзеді. Патша өкіметі халықтың аңғалдығын пайдаланып жақсы шұрайлы жерлерді өзіне алып, халықты құнарсыз жерлерге ығыстырады. Сөйтіп ел жерінен айрылады, құнарлы жерлерінен қол үзген елдің тұрмысынан күй кетеді, елден күй кеткесін кейінгі ұрпаққа ештеңе қалмайды. «Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен чиновниктері не үшін қуаттайтындығын қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар – деген Ахмет Байтұрсынов, - «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөзғой. Переселен чиновниктері – алушы, қазақтар - беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Қазақ әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өздеріне жағымды жағын көздегенде қазақтар да өзіне жағымды жағын көздеуі тиіс. Құр пәленше пәлен етіп жатыр деген дақпыртқа жүгірмей, істің түбінен ойлау керек» [3. 230 б.].

Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы жан айғайы жайдан жай туған жоқ, олар қазақтың мыңдаған жылдар бойы жүріп өткен жерін кеңінен зерделеді, хандардың, батырлардың, ойшылдардың, ел мен жер тағдыры тұрғысындағы қазақтың діни қайраткерлерінің ілімін, ұстанымын, күресін ескерді, терең білді осының нәтижесінде өз еріктерімен жер тағдырына ара түсті.

Жалпы алғанда, ұлт мүддесі жер мәселесі қай заманда да ел алдында тұрған. Елге көз тіккен жұрт алдыменен жерге көз тігеді. Ата-бабаларымыз сырттан келген жаудан жерді, елді қорғау үшін күрескен. Сан ғасырлық тарихтың мәні жерді сақтап, ұрпаққа ұлттың мұрасы етіп табыстап отыруында. Ахмет Байтұрсынов жазғандай, «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну – білмегендік. «...Қазақтың әлі күнгі жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тендіреп кетер» [3. 213 б.].

Атамекен-жер туралы қазақ түсінігі - тұтас елдің дәстүрін, жүйелі тарихын, философиясын қалыптастырды. Жер туралы елдің бір тұтас ұғымы ұлттық сана құбылысына айналды, ата-баба рухы, өткен дәуірдің құндылықтары, ел байлығы, болашақ, тәуелсіздік тек қана ұлттың мұрасы жер бар жерде ғана сақталатындығын, ұлт болмысының негізіне айналып отыратындығын ата бабаларымыз жете түсінген. Мұны бүгінгі ұрпақ та, ертеңгі ұрпақ та біледі, сақтайды.

«Жұрт ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды. Өзін-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды» - деп Әлихан Бөкейханов та айтып кеткен. Бұны әр адам жете түсінуі қажет деп есептейміз. Себебі, қазақ зиялыларының ел мүддесіне қамқорлығы өмір талабынан туындаған. Қазақ тұлғалары үшін жер - ұлттың өмірін жалғайтын дүние.

Сондықтан да ол - ұлттың қазынасы, ұлт меншігіндегі дүние болып ұрпақтан ұрпаққа табысталып отырмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. материалдары.- Қарағанды, 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. -Алматы, 2010. - 768 б.
4. Нұрпейісов К.Алаш һәм Алашорда. -Алматы, 1995- 256 б.
5. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? // Егемен Қазақстан, 1991. 2 б.
6. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388 б.

## **1921-1922 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ АУЫЗДЫҚТАУДАҒЫ АРА ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

**Смағұлова С.**

Т.Ғ.Д.

Қазақстанның қасіретті нәубетінің бірі – ашаршылық. Жұттың соңынан іле келген аштықтың қасіретінен халықтың қырылуы, Кеңестер Одағының республикаларына, көршілес мемлекеттерге үдере көшуінің салдары демографиялық тұрғыдан ақсауына алып келді.

1921 жылдың басында аштықтың белгілері біліне бастаса да Кеңестер Одағы оған аса мән бермеді. Тек Ішкі Ресейдің жағдайы қиындап, ашыққандардың қатары күннен-күнге көбейе түскен кезде ғана естерін жиып, аштық жайлаған өлкелерге көмек көрсетудің қажеттігін түсінді. Кеңестер Одағындағы жағдайға қанық болған Еуропа мен Америка елдері көмек беру туралы ұсыныс білдірді.

Осы жылы шілдеде қоғамдық Бүкілресейлік аштарға көмек беру комитеті құрылып, іске кіріскенмен де КСРО-ны жайлап кеткен аштықты ауыздықтауға бірден дәрмені жетпеді. Сондықтан еріксіз Еуропа мен Америка елдерінен түскен көмек беру туралы ұсыныстарын қабылдауға мәжбүр болды. Дегенмен 1921 жылы 17 қазандағы БОАК-ті Ашкөм ОАК-нің шығарған бұйрығы бойынша автономиялық республикалар аштарға көмек беруге қол созған шетелдік ұйымдармен РКФСР үкіметінің өкілетті өкілінің қатысуымен жеке келісімшартқа отырып, үш күн ішінде бұл келісімшартты Мәскеудегі өкілеттілікке жіберуге тиісті болды [1, 181-182-бб.].

Қазақстандағы ашыққандарға АРА, Нансен комитеті, Халықаралық Қызыл Крест, түрлі діни миссиялар, Джойнт, Квакерлер және тағы басқа ұйымдар көмекке келді. Шетелдік көмек ұйымдарының бәрі де арнайы келісімшарт негізінде әрекет еткен. Бұл ұйымдардың арасында АРА (American Relief Administration) ұйымының қызметі ерекшеленді. Соңғы кездерде АРА ұйымының қызметі жайында отандық және шетелдік біршаматарихнамаларда жазылып жүр. Дегенмен де әлі де болса бұл ұйымның нендей мақсатты көздегендігі, ашаршылықты жоюда қаншалықты іс-шараларды жүзеге асырғандығы жөнінде түрлі пікірлер қалыптасып, бір-біріне қарама-қайшы да пікірлер айтылып, тұжырымдар жасалуда.

Негізінен АРА ұйымы 1914-1918 жылдардан бастап Бірінші дүниежүзілік соғыстан жапа шеккен Еуропа елдеріне көмек көрсетуді мақсат тұтты. Ашаршылық жылдарында Кеңес үкіметі ұйым көмегіне жүгініп, АРА 1919-1923 жж. аралығында Кеңестер Одағындағы елдерде қызметі етті. Ұйым ашыққан аудандарды азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырды. Дегенмен Кеңес үкіметі бұл ұйымның қызметіне үлкен күдікпен қарап, АҚШ-ты Ресейдегі ішкі контрреволюциялық күштерді өздерінің тыңшылық, зиянкестік қызметтеріне, революция қозғалысына қарсы күреске және еуропалық елдерде американ империализмін нығайтуға қолдануға тырысты деген тұжырымда болды [2, 608 б.].